**ЦИКЛОГРАММА**

***Екінші апта (07.05.-11.05.2018 ж.)***

**№12 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы «Гүлдер»**

**Өтпелі тақырып:** Отан қорғаушылар (ҚР әскері, Ұлы Отан соғысының ардагерлері)

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау**<br>Ата-аналармен әңгімелесу<br><br>Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )<br><br>Таңертеңгі гимнастика (5 мин) | **Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы:** Балалардың өз балабақшаларына деген ыстық сезімдерін дамыту. Балабақшада қызмет істейтін апайларға құрмет көрсетіп, топта тазалық сақтай білу сияқты әдептілік дағдыларын қалыптастыру | | | | |
| | Саусақ ойыны: «Менің отбасым» | Дидактикалық ойын: «Лото» | Дидактикалық ойын : «Қандай түсті зат» | Саусақ ойыны «Бақшадағы қызанақ пен қияр» | Үстел үсті ойыны – пазл: «Дұрыс әрекетті тап» |
| | **Доппен орындалатын жаттығу** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Көркем сөз:**Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолды жу.<br>Тазалықтың досы –<br>Су дегенің осы.<br>**Ойын- жаттығу:** Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз білмиміз | | | | |
| **Ойындар, Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық** | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |
| | **№3.13 «Табиғат құбылысы»**<br>**Мақсаты:** Балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Шарты**: Балалар шеңбермен тұрады,тәрбиеші «су»десе қолдарын | **№2.14 «Бізге не келгенін тауып ал?»**<br>**Мақсаты**: Айтылуы мен есту жағынан бірдей сөздерді айыра білуге, дауыс ырғағын қадағалай білуге дағдыландыру.<br>**Шарты:** «мө-мө-мө,бұл не мөңіреп | **№3.8 «Ажырат»**<br>**Мақсаты:** қысқы киімдерді жазғы киімдерден ажырата білу<br>**Шарты**: Қысқы киімді көк қорапқа,жазғы киімдерді сары қорапқа салу,оларды атау | **№5.17«Кім тез табады?»**<br>**Мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін, зейіндерін дамыту.<br>**Шарты:** Текшеде отбасы суреттері көрсетілген суреттерді көрсету. Балалар текшеде бейнеленген | **№5.11«Кемпірқосақ түстер» ойыны**<br>**Мақсаты:** Балалардың түстер жайлы білімдерін бекіту.<br>**Шарты:** Тәрбиеші бір түсті атайды, ал балалар есіңе сондай затты түсіріп атайды |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алдына созады, «ауа» дегенде жоғары көтереді, «жер»дегенде колдарын төменге түсіреді. кім жаңылса сол ойыннан шығады. | жаткн Аслан?»дейді тәрбиеші. «мяу-мяу,Әйгерімсаған келіп тұрған не?», «Айдынға біреу келді пи-пи» деді. Ол не? Ойын осылай жалғаса береді. | | отбасы мүшесін жылдам айтады. | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі** | **Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Баяу қарқынмен жүру және жүгіру. Допты еденге ұрып жоғары лақтыру және оны секіргеннен кейін қос қолмен қағып алу. Заттардың арасынан бағытты өзгерте отырып және заттарға тиіп кетпей еңбектеу.<br>**Барысы:**<br>1. Баяу қарқынмен жүру және жүгіру.<br>2.Ж.Д.Ж.<br>3. Заттардың арасынан бағытты өзгерте отырып және заттарға тиіп кетпей еңбектеу.<br>4.Қ.О. №1.19«Жалаушаны жеткіз» | **Дене шынықтыру.**<br>**Мақсаты:** Басына қап қойып, бастың дұрыс қалпын сақтап, жіп бойымен жүру. Заттардың арасынан бағытты өзгерте отырып және заттарға тиіп кетпей еңбектеу. 4 адымдап қос аяқпен жоғарыға секіруде итерілуді орындауда қол мен аяқтың жұмысын үйлестіру.<br>**Барысы:**<br>1. Басына қап қойып, бастың дұрыс қалпын сақтап, жіп бойымен жүру.<br>2.Ж.Д.Ж.<br>3. 4 адымдап қос аяқпен жоғарыға секіруде итерілуді орындауда қол мен аяқтың жұмысын үйлестіру. | **ҚҮМҚ**<br>**Мақсаты:** Заттардың сыңарларын қою негізінде салыстырып, теңдігін немесе теңсіздігін анықтау іскерліне жаттықтыру. Бірдей заттарды салыстыру дағдысын бекіту.<br>**Барысы:**<br>1.Бірдей заттарды салыстыру дағдыларын бекіту.<br>2.Д/О:«тең-теңсіздік».<br>3.Сергіту сәті<br>4.Қорытынды<br><br>**Экология негіздері**<br>**Мақсаты:** Табиғатта өзін-өзі ұстау ережесімен таныстыруды және балаларды табиғат бұрышындағы өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға ынталандыруды жалғастыру | **Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Түрлі қимылдарды түрлі қарқында музыкалық сүйемелдеуге сәйкес ырғақты жүру, қолдарын еркін ұстап алдыға және артқа жеңіл жүгіру. 4 адымдап қос аяқпен жоғарыға секіруде итерілуді орындауда қол мен аяқтың жұмысын үйлестіру. Заттардың арасынан алақан және табанмен еңбектеу.<br>**Барысы**:<br>1. Түрлі қимылдарды түрлі қарқында музыкалық сүйемелдеуге сәйкес ырғақты жүру<br>2.ЖДЖ<br>3. Заттардың арасынан алақан және табанмен | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Мақсаты:** Әскер қатарындағылар Отанымызды қорғайтыны, әскерде танкистер, ұшқыштар, жаяу әскерлер, теңіз әскерлері бар екендігі туралы түсініктерін кеңейту.Әскер қызметі туралы алғашқы түсініктер беру. Патриоттық сезімдерін тәрбиелеу.<br>**Барысы:**<br>1.Шаттық шеңбері<br>2. Әскер қызметі туралы алғашқы түсініктер беру<br>3.Сергіту сәті<br>4.Д/О «Құралын тап» Қорытнды<br><br>**Сурет салу**<br>**Мақсаты:** Шығармашылық қабілеттерін дамыту. |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Жаратылыстану.**<br>**Мақсаты:** Жабайы жануарлардың (түлкі, қасқыр, тиін) сыртқы белгілері мен әрекеттерін туралы білімдерін бекіту.<br>**Барысы:**<br>1.Балалармен әңгіме ұйымдастыру.<br>2.жабайы жануарлар тіршілігімен танысытру.Видео.<br>3.Д.О. «Құйрығын тап»<br>4.Сергіту сәті<br>Қортындылау<br><br>**Музыка.**<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды Отан сүйгіштікке тәрбиелеу. Еліміз тәуелсіздікке қалай жеткендерін әңгімелеп беру. Ардагерлерімізді атау. Ән арқылы қуана білуге үйрету. Әнді көңілді, ынталы жеткізе білуге дағдыландыру.<br>**Барысы**<br>Ән тыңдау:<br>«Сарбаздар сазы» (Қ. Ілиясов) | 4.Қ.О. №1.17«Өз орныңды тап»<br>**Драмма**<br>**Мақсаты:** Әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдіру, оны адамгершілік нормалары мен түсініктері тұрғысынан бағалау дағдыларын жетілдіру.<br>**Барысы**:<br>1.Балалар ертегі кейпкерлеріне мінездеме беру.<br>2.Тәрбие туралы өлен айту<br>3. Д/О: Жақсы-жаман қасиет.<br><br>**Вариативтік компонент**<br>**Мақсаты:** а) Шалқан ертегісі туралы балалардың білімдерін толықтыру.<br>ә) Шалқан ертегісі туралы өлең жатқа айтқызу арқылы баланың тілін дамыту.<br>б) Сұрақтарға нақты жауап беруге тәрбиелеу.<br>**Барысы:** | **Барысы:**<br>1. Табиғатта өзін-өзі ұстау ережелері<br>2.Д/О: «Салқын-жылы»<br>3.Сергіту сәті<br>Қорытынды | еңбектеу.<br>4.№1.26 -Күн мен жаңбыр<br><br>**Орыс тілі**<br>**Мақсаты:** Учить понимать и использовать знакомые слова в повседневной жизни; правильно использовать слова при ответе на вопросы.<br>**Барысы:**<br>1.Қарапайым сұрақ қою, жауап алу көктем мезгілі туралы<br>2. Д/О: «Чудесный мешочек»<br>3.Сергіту сәті<br>Қорытынды<br><br>**Аппликация.**<br>**Мақсаты:** Сәндік композицияларды өз ойынша орындау дағдыларын қалыптастыру. Ұжымдық мазмұнды композиция құрастыру. Ұқыптылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Барысы:**<br>1.Шаттық шеңбері<br>2.Д.О.№4.4 | Жеңіс мерекесіне арнап сурет салу.Үлкендерді сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**Барысы**<br>1.Шаттық шеңбері<br>2.Сұрақ-жауап<br>3.Д.О: №4.7 «Жылы және суық түстер»<br>4. Заттар мен олардың бөліктерінің орналасуын ескере отырып сурет салу<br>5.Сергіту сәті<br>Қортындылау<br>**Вариативтік компонент. Мақсаты:**<br>Ертегіні үн таспадан тыңдау арқылы балалардың ой-қиялын жетілдіру, шығармашылық қабілетін шыңдау. Ертегіні көлеңке театры арқылы қою.<br><br>**Барысы:**<br>1. Балалармен шағын әңгіме жүргізу.<br>2. Ертегіні сахыналау «Қасқыр мен жеті лақ»<br>3.Қ.О: №1.29. «Қасқыр мен лақтар»<br>4.Достық туралы 2 мақал жаттау. |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Өн айту: «Ел қорғауға әзірміз»(К. Қуатбаев, М. Әлімбаев)<br>Музыкалық ырғақты қимыл: «Катюша»биі<br>Аспапта ойнау: «Солдат болам мен ертең» | 1.Шалқан ертегісін айтып беру<br>2.ертегі бойынша сұрақ қою<br>3. Д/О: «Үлкен-кіші-кішкентай» | | «Кемпірқосақ»<br>3. Сұрақ жауап.<br>4. Заттың бейнелерін құрастырып содан кейін оны желімдеу.<br>5.Сергіту сәті<br>Қортындылау. | Қортындылау. |
| **Серуен:** | **1. Бақылау.**<br>Жаңбырдың жауғанын бақылату<br>Мақсаты:<br>Жаңбырдың неден пайда болатыны туралы түсініктерін қалыптастыру. Оның табиғатқа тигізер пайдасын білдіру. Жерге сіңуін көсету.Ақ жауын ба, нөсер ме? Айыра білуге баулу.<br>**2.Қимылды ойын:** «Күн мен жаңбыр» , «Жасырынбақ»<br>Мақсаты: шапшаңдыққа<br>**3. Жеке жұмыс:** Жұмбақ шешуге үйрету.<br>Көтеріліп теңізден, Аспанға биік барамын. | **1.Бақылау.**<br>Көктеректің бүршігіне бақылау жасау.<br>Мақсаты: Балалар балабақша ауласында көптеген ағаш түрлері бар екенін білу.Көктерек ағашы-ның бұтақтарындағы бүршіктерін қарайық.Бай-қаған өзгерістерін әңгімелеу.<br>**2.Қимылды ойындар:**<br>«Торғайлар мен автомобиль»<br>«Мысық пен тышқан»<br>Мақсаты: шапшаңдыққа<br>**3.Жеке жұмыс:** 3-4 балаға ағаштардың пайдасы туралы айтуға үйрету.<br>**4.Еңбек:** Топ алаңын сыпырту арқылы еңбекке тәрбиелеу. | **1. Бақылау.**<br>Көк шыққан жерлерді бақылау.<br>Қандай жер су? қандай жер құрғақ, неге?<br>Мақсаты:Көктемнің алғашқы күндерінде жер дымқыл тартып кейбір жерлерге көктеп шөптер шыға бастайды. Қардың суы жиналған жерлер су жерлер екенін , ал дегдіп кеуіп қалған жерлер құрғақ жерлер екенін айту.<br>**2.Қимылды ойындар:** «Өз сыңарыңды тап»<br>«Ақсерек, көксерек»<br>Мақсаты: тез қимылдауға үйрету.<br>**3.Жеке жұмыс:** 3-4 балаға көктем туралы сурет салуды үйрету.<br>**4.Еңбек.** Құстарға нан қиқымы мен жем беру. | **1. Бақылау.** Туған өлкенің көшелерінің тазалығы.<br>Мақсаты: Балаларды тазалыққа тәрбиелей отырып, көшенің тазалығын бұзатын адамдардың қылық-тарын аңғату, оларға ұқсамау, туған жеріміздің әсемдігіне назар аударту.<br>**2. Қимылды ойындар:**<br>«Кімдікі дұрыс?»<br>«Даусынан таны»<br>Мақсаты: тез қимылдауға үйрету.<br>**3.Еңбек:** Телімдегі қағаз қалдықтарын жинау.<br>**4.Жеке жұмыс:** «Біз тұратын көше» 3-4 баламен әңгімелесу.<br>**5.Көркем сөз.** Көгінде күн нұрын төккен,<br>Жерінде гүл жұпар | **1. Бақылау.**<br>Жаңбырдың жауғанын бақылату<br>Мақсаты: Жаңбырдың неден пайда болатыны туралы түсініктерін қалыптастыру. Оның табиғатқа тигізер пайдасын білдіру. Жерге сіңуін көсету.Ақ жауын ба, нөсер ме? Айыра білуге баулу.<br>**2.Қимылды ойын:** «Күн мен жаңбыр» , «Жасырынбақ»<br>Мақсаты: шапшаңдыққа<br>**3. Жеке жұмыс:** Жұмбақ шешуге үйрету.<br>Көтеріліп теңізден,<br>Аспанға биік барамын.<br>Биіктен қайта түскенде,<br>Өңі кірер даланың.<br>**4.Еңбек**.Телімдегі қағаз,қоқыстарды жинау<br>**5.Көркем сөз:** Жау, жау жаңбыр, жау жаңбыр. |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Биіктен қайта түскенде,<br>Өңі кірер даланың.<br>**4.Еңбек**.Телімдегі қағаз,қоқыстарды жинау<br>**5.Көркем сөз:** Жау, жау жаңбыр, жау жаңбыр.<br>Арық суы мол болсын.<br>Өсімдіктер көп болсын.<br>Жауған жерің шөп болсын | **5. Жұмбақ жасыру:**<br>Өсіп тұрған бұл не?<br>Жаз болса жайнап,<br>Саясында ән салып,<br>Құстар, жүрген сайрап.<br>(Ағаш) | **5.Жұмбақ жасыру.** Бір түкті кілем,<br>Бір түксіз кілем.<br>(Жер, аспан) | сепкен.<br>Неткен сұлу, неткен көркем,<br>Осы менің туған өлкем. | Арық суы мол болсын.<br>Өсімдіктер көп болсын.<br>Жауған жерің шөп болсын |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі,дербес ойынәрекеті. Киімдерін әдемілеп жинап жәшіктеріне салып қоюға баулу. Өз-өздеріне қызмет жасау. | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі.<br>**Ойын- жаттығу:** Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз білмиміз | | | | |
| **Түскі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру.<br>Білімді кеңейту және мәдени-гигеналық дағдыларды орындау.<br>Шынықтыру шарасы.<br>Әдемі ирек жолдармен<br>Лақтарша біз ойнақтап<br>Тастан-тасқа секіріп<br>Жалаң аяқ жүреміз.<br>Табанға біз нүктелі<br>Массаж жасау білеміз. | | | | |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Арнайы жолдармен жүру.<br>**Ойын- жаттығу :**Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаңсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың. | | | | |
| **Бесін ас** | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс. Үстел барысында дұрыс отыру. | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет**<br><br>**Баланың жеке даму картасына сәйкесс жеке жұмыс** | Сюжетті-рөлдік ойын<br>«Дүкенші»<br>«Дені саудың жаны сау» және тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру<br><br>Абдул Ахатқа тәулік мерзімдері «таңертең, күндіз, кеш, түн»(видео) жайлы түсініктерін қалыптастыру. | Сюжетті-рөлдік ойын «Қуыршақты тамақтандыр»;<br>Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойындар. Айбатқа 5-ке дейін тура,кері санауды үйрету. | Ойын – жаттығу «Қуыршықты жуындыр»;<br>Альбомдар,сюжетті картиналар қарастыру,<br>Ірі құрылыс материалдарымен ойындар.<br><br>Тореханға қайшыны дұрыс ұстауын дағдылау | Ойын «Кімнің заттары?» (жақын адамдарының заттарын анықтау);<br>Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика<br><br>5-ке дейін Златаға санауды үйрету | Сюжеттік-ойын «Дәрігер» ойыншықтармен ойындар,<br>ертегі оқып беру;<br><br>Айзадаға суретті беттің үстінде дұрыс орналастыруды көрсету |
| | Жыл мезгілі туралы әңгімелесу<br>«Көктем мезгілінің ерекшелігі»(сурет қарастыру)<br>**Мақсаты:**қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. | Әңгіме құрастыру «Көктемде келетін құстар?»<br>**Мақсаты:**балалардың жабайы жануарлар туралы білімдерін арттыру. | Дидактикалық ойын «Ғажайып қапшық»<br>**Мақсаты:** баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту. | Жыл мезгілі туралы әңгімелесу<br>**Мақсаты:**қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. | Дидактикалық ойын «Атын атап бер»<br>**Мақсаты:**түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. |
| **Серуенге дайындық** | Киіну: серуенге шығу. | | | | |
| **Серуен** | Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу: «Аанаң мен әкеңнің есімдерін ата», « Кімнің үйінде мысық бар?» және т.б. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру». | Психологтің кеңесі: мысалы:«Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. | Кеңес:<br>«Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы». | Кеңес: Балалардың тәрбиесі үйден басталады. |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет.** | | | |

**Тәрбиеші:** Хасанова Ш.М. Дарибаева Н.Қ.

Тексерілді: [signature]

Scanned by TapScanner